

Карантин белгілеу туралы

Күші жойған

Ақмола облысы Зеренді ауданы Троицк ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 қыркүйекте № 8051 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы Троицк ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 21 қазандағы № 5 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы Троицк ауылдық округі әкімінің 21.10.2020 № 5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1бабының 7) тармақшасына сәйкес, Зеренді ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 297ұсынуы бойынша, Троицк ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Құс тұмауы ауруының пайда болуына байланысты, Зеренді ауданы Троицк ауылдық округінің Карсак ауылы аумағында карантин белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Троицк ауылдық округінің әкімі

Т.Карабалин